

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебі 6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
докторанты Акажанова Алмагуль Аманжоловнаның
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
«Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының
дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік
негіздері» атты диссертациясына
ПІКІР**

Ұлттық сана-сезімді ұрпақ бойына сіңіру қажеттігі мектеп қабырғасын алғаш аттаған күннен, 1 сыныптан бастап әдеп, салт-дәстүр сабағын енгізу мәселесі ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап көтеріліп келеді. Докторант Акажанова Алмагуль Аманжоловна «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған зерттеу жұмысында ұлттық ойындарды қазақ тілі сабағында қолдану аясын мектеп оқушыларының белгілі жас ерекшеліктеріне байланысты физиономиялық және ақпараттық дүниетанымды қабылдау мүмкіндіктеріне байланысты жүйелеп қарастырған.

Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған қазақ тілі оқулығын ҚР Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісе отырып «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес Ж.Дәулетбекова мен Г.Қосымованың авторлығымен ұсынған. Осы кезеңдегі оқытылатын «Қазақ тілі» сабағының ең басты мақсаты – ана тілінің сан алуан сыры мен қырын үйретуге, сөйлеу шеберлігін дамытуға, өз ойы мен пікірін, көзқарасын жеткізіп айта білуге бағыттау. Тіл туралы, өзін қоршаған әлем туралы білімін арттыруға, білігін шыңдауға көмектесу осы пәннің міндеттеріне енетіндігі оқулықтың алғысөзінде айтылған. Яғни, «Нені оқыту керек?» деген сауалға білім беру стандарттары жауап беретін болса, «Қалай оқыту керек?» дегенге жауапты мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өзінің нақты мақсатын айқын көре алуынан іздеу қажет. Докторант А.А.Акажанова осы оқулық бойынша оқушыларға білімді меңгерудің құралы ретінде ұлттық ойындарды нысанаға алып, ұлттық ойындар оқушының ұлттық дүниетанымды бойына сіңіріп өсуіне ізгі әсер беретініндігіне жан-жақты тоқталған. Оқулық бойынша 5 сыныпта ауызша және жазбаша мәтіндердің ортақ белгілері мен ерекшеліктері, сипаты, сөздің құрамына қарай түрлері және сөз мағынасына мән беріледі. Ал 5 сынып оқушылары бастауыш сыныпты тәмәмдап, жаңа бір сатыға өту кезеңі - жеткіншектің бәлиғатқа толу алдындағы шағы. Міне, ізденуші осындай мәселелерді қаперге алып, орта мектепте білім беруді дамытудың авторлық әдістемесін түзіп, онда оқушыларды ұлттық сана-сезімге тәрбиелеу үрдісін мынадай педагогикалық мақсаттар ауқымында құруды ескерген:

- ойын ұлттық мәдениетті құрушы факторлардың бірі екендігін;

- қазақ халқының төл этнос ретінде сақталу формасының көрсеткіші екендігін;
- адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы мен тұлға ретінде дамуы;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- жеткіншектің денсаулығының шымыр болып қалыптасуына әсер ету;
- төл мектептеріміздің беделін арттыратын оқыту-тәрбие жұмысының жоспарларына жаңа әдістемемен үлес қосу.

Алға қойылған мақсаттарға жету жолындағы міндеттерді шешуде қомақты диахрондық-синхрондық сипаттама жасау, салыстыру, құрылымдық-семантикалық, мәдени-лингвистикалық, этимологиялық талдау әдістерін қолданған. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістер арқылы дәлелдеген. Атап айтсақ, ұлттың ойындардың аталымының этимологиясына үңілу барысында тілдік таңбаның сигнификаттық ұғымы арқылы атаудың мағынасы анықталатынына бірнеше мысалдар келтіре отырып, қазақ тіліндегі бірқатар ойын-сауық атауларында сақталған архисемалық көріністерге мысалдар келтіре отырып, түсініктеме беріп өткен. Мәселен, *қарақұлақ*, *қарағие*, *қарабие*, *қара сиыр* (ойын атаулары), *қаражарыс* (үлкен атжарыс алдында бәйге атының терін алу үшін болатын жарыс), *қараүйек* (қаралтым түсті түлкі) және т.б. Ойынға қатысты атауларды тізбелей келе, көне түркі тілдерінің тілдік қорында бар һәм бүгінгі қазақ тіліндегі мағынасы мен мазмұн түсінігі айқын сөздердің жасалуына негіз болған архисемалық сипаттағы біріншілік номинациясы екендігіне назар аударған.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында Ұлттық ойын атауларының теориялық негіздері және зерттелуі аясында қазақтың ұлттық болмысы мен дүниетанымынан туатын рухани этномәдениетіне жататын халықтық спорт, ойын атауларына қатысты тілдік бірліктерді ***ономасиологиялық тұрғыдан зерттеу*** арқылы атаулардың ***лингвомәдени*** негіздерін айқындай отырып, ұлттық ойын атауларын ***лексика-семантикалық*** тұрғыда талдау жасаған. Тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық этностың арақатынасын зерделеу ***лингвомәдениеттану*** ғылымының нысаны болғандықтан ұлттық ойын атауларының да негізі этнолингвистика мен этномәдениетте жатқандығын қаперге ала отырып, лингвомәдениеттануда мәдениеттің объективті элементі ретінде дәстүрлі түрде қалыптасқан тілдік бірліктердің, сөздердің, фразеологизмдер мен мәтіндердің мәнін, қызметтерін айқындаған.

Екінші тарауда, ұлттық ойындар арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін психологиялық, философиялық тұрғыда қарастырып, педагогикалық ұстанымдарды авторлық әдістемесіне негіздеп, нәтиже тұжырымдарын шынайылық дәрежеде дәлелдеп берді.

Үшінші тарауда, ойын түрлерін қолдану арқылы оқушының дүниетанымын дамыту мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнын қарастырған. Педагогикалық шарттар негізінен алшақтамай, ұлттық ойын түрлерін пайдалану арқылы оқушының дүниетанымын

дамытудың әдіснамасын ұсынды. Әдіснамада бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның ұлттық құндылықтары екендігі ескеріліп, бәрінің бастауында әдеп, әдептің бастауында тіл тұрғандығына баса назар аударып отырып, тіл тазалығына мейілінше мән бергені құптарлық. Тіл тазалығын ойын арқылы дамыту амалдарына жаңылтпаштар айту арқылы ойын ережелерін қосқандығын әдістеменің сүбелі тұсы деп қабылдаймыз. Докторант А.А.Акажанова ұлттық ойындар арқылы өскелең ұрпақтың танымдық белсенділігін арттыруға және тұлғалық потенциялының дамуына ықпал ету үрдісінде оқушылардың өз тілінде білім алып қана қоймай, ұлттық тәлім-тәрбиенің негізгі канондарының бірі екендігін негізге алып, олардың атауларының қалыптасуы нақты қоғамдық – әлеуметтік өмір жағдайында жүзеге асатындығына тоқталып өткен. Зерттеушінің ізденісі ҚР Білім туралы Заңында (1-тарау, 1-баптың 49-3) көрсетілген «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы – білім алушылардың үйлесімді зияткерлік және адамгершілік-рухани дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелеу және оқыту жүйесінің мақсатын, мазмұнын, сондай-ақ жұмыс істеуінің инновациялық тәсілдерін айқындайтын бағдарламамен де үйлеседі.

Сондықтан Акажанова Алмагуль Аманжоловнаға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ ұлттық ойындары арқылы мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың лингвистикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясы 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына сәйкес келеді және Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін 6D010000 – «Білім беру» мамандығы бойынша құрылған докторлық диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін

**І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
оқытушы-дәріскері, PhD**



А. Абызова

